«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«А. Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМКҚ директоры
_____ Қалиева А.Ж.
«24» наурыз 2025 ж. № 127 н/б бұйрығы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ

Алматы, 2025 жыл

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМКҚ (бұдан әрі – Училище) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің міндеттерін, қағидаттарын және негізгі бағыттарын айқындайтын базалық құжат болып табылады. Саясаттың мақсаты – Училище қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және оның салдарын азайтуға бағытталған қызметін ұйымдастыру және үйлестіру.

2. Саясатты әзірлеу мен іске асырудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (бұдан әрі – Заң), сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер мен Училище Жарғысы құрайды.

3. Училище осы Саясатты өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады, бұл серіктестер мен қызметкерлерге Училищедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйемен танысуға мүмкіндік береді.

2-бөлім. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Саясатта келесі терминдер қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлық – Училище қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының өз қызметтік өкілеттіктерін және солармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (немесе мүліктік емес) пайда мен артықшылық алу мақсатында тікелей немесе делдалдар арқылы заңсыз пайдалануы, сондай-ақ оларға артықшылықтар мен игіліктер беру арқылы жасалатын параға сатып алу әрекеттері;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама – Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Училище қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктері шеңберінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, Училищеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың пайда болу мүмкіндігі;

5) сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық – құрамында сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңнамада көзделген әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа әкелетін құқыққа қайшы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

6) сыбайлас жемқорлық мониторингі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігі, осы саладағы құқық қолдану тәжірибесінің жай-күйі, сондай-ақ Училище тарапынан сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау және бағалау жөніндегі ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және бағалау қызметі;

7) ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

8) мүдделер қақтығысы – қызметкердің жеке мүдделері мен оның қызметтік өкілеттіктері арасындағы қайшылық, соның салдарынан жеке мүдделердің қызметтік міндеттерді тиісінше орындамауына әкелу ықтималдығы;

9) лауазымды тұлға – Училищеде қызметті ұйымдастыруға байланысты шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктер берілген, басшылық, ұйымдастырушылық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын тұлға;

10) қызметкер – Училищемен еңбек қатынастары бар және еңбек шарты негізінде жұмыс орындайтын жеке тұлға;

11) жедел желі (hotline) – қызметкерлер мен басқа да мүдделі тараптарға Училище қызметкерлері тарапынан немесе олармен байланысты ықтимал немесе жасалған құқықбұзушылықтар туралы негізді күдіктерін құпия түрде немесе жасырын түрде жеткізу мүмкіндігін беретін ақпараттандыру жүйесі;

12) Училище серіктестері – Училищемен іс жүзінде немесе жоспарлы түрде іскерлік байланыста болатын сыртқы тараптар. Оларға клиенттер, бірлескен заңды тұлға немесе консорциум қатысушылары, мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша қарсы тараптар және өзге де субъектілер жатады;

13) сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары лауазымдар мен функциялар тізбесі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау нәтижелеріне сәйкес лауазымдар мен қызметкерлерді айқындайтын, Училище басшысының шешімімен бекітілетін құжат;

14) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі – Училищеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау, процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қабылданатын кешенді шаралар;

15) комплаенс-офицер - Училищеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің жұмыс істеуіне жауапты және тиісті өкілеттіктер берілген қызметкер;

16) жақын туыстар - ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, толық және толық емес туған ағайындылар, ата, әже, немерелер;

17) қайын-жұрт – ерлі-зайыптылардың бірінің екінші жұбайының жақын туыстарына қатысты туыстық қатынастары.

Осы тармақта көрсетілмеген өзге терминдер Училищенің ішкі нормативтік құжаттарында және Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінде белгіленген мәндерде қолданылады.

3-бөлім. Қолданылу аясы

5. Училище сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің динамикалық сипатқа ие екенін, оның Училище қызметінің контекстіне, жағдайына, мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен күтулеріне қарай өзгеретінін мойындайды. Контекст Училищенің көлемі мен құрылымын, оның қызмет көрсететін салаларын, қызметтің сипаты, ауқымы мен күрделілігін, серіктестерін және мемлекетпен өзара қатынастарын, сондай-ақ қолданыстағы реттеу ортасын қамтиды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі мемлекет, Училище, қызметкерлер, серіктестер және өзге мүдделі тараптардың күтулеріне сүйене отырып қалыптастырылады. Контекст пен мүдделі тараптар күтулерінің елеулі өзгерістері орын алған жағдайда, Саясаттың жаңа жағдайларға сәйкестігіне бағалау жүргізілуге тиіс.

6. Саясаттың қолданылу аясына осы Саясатта айқындалған сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының кез келген нысандарына қатысты жағдайлар жатады, соның ішінде Училище лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің, сондай-ақ серіктестерінің тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы белгілі бір артықшылықтар алу үшін пара

немесе өзге де заңсыз игіліктерді алуы немесе ұсынуы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің қолданылу шектері мен өзектілігіне әсер етуі мүмкін факторлар ішкі және сыртқы орта, мүдделі тараптардың күтулері, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау нәтижелері және өзге де мән-жайлар болуы мүмкін.

7. Саясат Училищенің барлық құрылымдық бөлімшелеріне таралады және Училищенің барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары үшін осы Саясаттың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша міндетті түрде танысуға және орындауға жатады.

8. Саясат сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданыстағы заңнама нормаларын алмастыруға арналмаған. Сонымен бірге, Училище қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерін сақтауға міндетті, оларда қосымша немесе өзгеше талаптар көзделуі мүмкін. Қолданыстағы заңнама неғұрлым жоғары талаптар белгілеген жағдайда, қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар сол талаптарды басшылыққа алуға міндетті.

4-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары

9. Училищедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары мыналар:

1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік — Училище өзінің қызметінде сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандары мен көріністерін толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Нөлдік төзімділік қағидаты Училище атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларға сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тікелей немесе жанама, жеке немесе кез келген делдалдық арқылы қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) жазалаудың бұлтартпастығы — Училище сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың лауазымына, еңбек өтіліне немесе өзге жағдайларға қарамастан жауаптылықтан қашып құтыла алмайтынын мәлімдейді;

3) заңдылық және Саясаттың ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл рәсімдерінің өлшемділігі — Училище сыбайлас жемқорлыққа тартылу ықтималдығын төмендетуге бағытталған бақылау рәсімдерін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейіне сәйкес әзірлейді және енгізеді;

5) дұрыс сақтық — Училище сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының болуы және мүдделер қақтығысының жоқтығы тұрғысынан еңбекке қабылдау кандидатына тексеру жүргізеді.

5-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер

10. Осы Саясаттың мақсаты — Училищеде сыбайлас жемқорлықты туындататын немесе туындатуы мүмкін себептер мен жағдайларды жою.

11. Саясаттың міндеттері — Училищеде сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу, жолын кесу, оларды барынша азайту, салдарын жою жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру, соның ішінде:

– қызметкерлерде барлық нысандардағы және көріністердегі сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздікке негізделген антикоррупциялық сананы қалыптастыру;

– сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және олардың салдарын жою;

– сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын анықтау, жолын кесу және ашу.

6-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жауапкершілік және талаптар

12. Училище қызметкерлеріне және лауазымды тұлғаларына үшінші тұлғаларға кез келген заңсыз пайдаларды ұсынуға, оның ішінде мұндай әрекеттер Училищеге пайда әкеледі деп есептелсе де, жол берілмейді.

13. Училище кез келген нысандағы бейресми төлемдерге тыйым салады.

14. Училище қызметкері жақын туыстары немесе қайын-жұрты қызмет ететін лауазымға тікелей бағынысты лауазымды атқара алмайды. Мұндай талаптар бұзылған жағдайда, қызметкерге анықталған күннен бастап 3 ай мерзімде бұл жағдайды ерікті түрде жою мүмкіндігі беріледі. Қызметкерлер бағыныстылықты болдырмайтын басқа лауазымға ауыстырылуға тиіс, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда қызметкерлердің бірі лауазымынан босатылуға не атқарып отырған функцияларынан шеттетілуге тиіс.

15. Құрылымдық бөлімше басшылары:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің курируемый бөлімшелердің функцияларымен ықпалдасуын және қолданылуын қамтамасыз етуге;

2) курируемый процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау мен оларды төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және орындауға;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелінің индикаторлары ретінде анықталған оқиғаларға уақтылы әрекет етуге;

4) Училищенің кез келген бөлімшесінің қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы немесе Саясат талаптарын бұзу фактілері туралы комплаенс-офицерге уақтылы хабарлауға;

5) бағынысты қызметкерлер жасаған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін, егер жасалған құқықбұзушылық пен басшының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы арасында байланыс болса, жауапты болады.

16. Училище қызметкерлері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Саясат талаптарын сақтауға немесе оларды сақтау мүмкін еместігі туралы комплаенс-офицерге хабарлауға міндетті;

2) жасалған немесе жоспарланған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы туралы белгілі болған жағдайда комплаенс-офицерге немесе жедел желіге дереу хабарлауға міндетті;

3) қажет болған жағдайда Саясаттың ережелерін серіктестерге және әріптестерге түсіндіруге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасы мен осы Саясат талаптарын бұзғаны үшін жеке тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

17. Басшылар өз қарамағындағы қызметкерлерден заңнама мен Саясат талаптарын бұзуды талап ете алмайды. Мұндай талап болған жағдайда қызметкер комплаенс-офицерге (жедел желі арқылы жасырын түрде хабарлау мүмкіндігі бар) дереу хабарлауға міндетті.

18. Барлық қызметкерлер мен басшылар Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Саясат талаптарын бұзу фактілері немесе оларды сақтау мүмкін еместігі туралы комплаенс-офицерге хабарлауға міндетті.

19. Училищенің барлық қызметкерлері, лауазымына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Саясат талаптарын орындамағаны үшін жауаптылықта болады.

7-бөлім. Сыйлықтар, ойын-сауық және қонақжайлылықты қабылдау мен ұсыну

20. Училище ұсынылатын сыйлықтардан, ойын-сауықтан және қонақжайлылықтан толық бас тарту саясатын ұстанады. Училище өз қызметкерлерінен, лауазымды тұлғаларынан және Училище атынан әрекет ететін не оның мүдделерін білдіретін компаниялардан кез келген сыйлықтарды, ойын-сауық іс-шараларына шақыруларды, қонақжайлылық шеңберіндегі төлемдерді, қайырымдылықтарды және көрсетілетін артықшылықтарды қабылдаудан бас тартуды талап етеді, егер олар қабылданатын шешімдерге ықпал етуі немесе ықпал ететіндей қабылдануы мүмкін болса. Ерекшеліктер тек Училище басшысының келісімімен, тиісті өкім шығару арқылы және комплаенс-офицерді міндетті түрде хабардар ете отырып жол беріледі.

21. Ерекшелік ретінде мына жағдайдағы сыйлықтар қарастырылады: мемлекеттік мерекелерге және сый алушының жеке мәні бар оқиғаларына орай:

1)Училище атынан берілген;

2) Училище бөлімшелері қызметкерлерінің атынан ұжымдық түрде берілген,

3) сый алушыға тікелей бағынысты емес және оның ықпал ету аясына кірмейтін Училище қызметкерлері берген, әрі мұндай сыйлықтар пара ретінде қарастырылмайтын жағдайларда.

22. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары лауазымдар мен функциялар тізбесіне енгізілген Училище лауазымды тұлғаларына Училище серіктестері ұйымдастыратын және бағалы ақшалай не мүліктік жүлделерді көздейтін конкурстарға, ұтыс ойындарына және лотереяларға қатысуға тыйым салынады, мемлекеттік органдар өткізетін немесе бастамашы болатын іс-шараларды қоспағанда.

23. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаған Училище лауазымды тұлғалары алған материалдық сыйақылар, сыйлықтар мен қызметтерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әрекет етеді және бұл фактілерді контрагенттің/серіктестің сыбайлас жемқорлық тәуекелі факторы ретінде тіркеуге енгізу үшін комплаенс-офицерге жазбаша хабарлама жолдайды. Хабарлама сыйақылар, сыйлықтар мен қызметтер қабылданғанына, қабылдаудан бас тартылғанына немесе сый алушының еркінен тыс алынғанына қарамастан жіберілуге тиіс.

24. Училище қызметкерлері сыйлықтар, ойын-сауық және қонақжайлылық ұсынылғаны туралы білген сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде бұл ұсынысты контрагенттің/серіктестің сыбайлас жемқорлық тәуекелі факторы ретінде тиісті тізілімге енгізу үшін комплаенс-офицерге жазбаша хабарлама жолдауға міндетті. Хабарлама сыйлықтар, ойын-сауық және қонақжайлылық қабылданғанына, қабылдаудан бас тартылғанына немесе сый алушының еркінен тыс алынғанына қарамастан жіберіледі. Сый алушының еркінен тыс түскен сыйлықтар туралы қызметкер сыйлық алынғаны туралы білген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде сыйды қайтаруға және сыйдың алынуы мен қайтарылуы туралы тиісті түсіндірмелерді көрсете отырып комплаенс-офицерді хабардар етуге міндетті. Сый алушының еркінен тыс алынған сыйлықтарды қайтару мүмкін болмаған жағдайда, мұндай сыйлықтар Училище айқындайтын қайырымдылық қорларына өтеусіз беруге жатады. Сыйлықтарды (азық-түлік, алкогольсіз сусындар, гүлдер сияқты) Училищенің барлық қызметкерлері ортақ пайдалануына жол беріледі. Комплаенс-офицерді хабардар ету және алынған

сыйлықтарды ашық жариялау мұндай жағдайда қызметкердің мінез-құлқының дұрыс үлгісі ретінде танылады.

25. Сыйлықтар, ойын-сауық және қонақжайлылық туралы талқылау және ұсыну кезінде Училище қызметкерлері олардан бас тартып, Саясат ережелерін түсіндіруге тиіс, бұл бас тартудың серіктестер мен Училище арасындағы адал, ашық және игі ниетті қатынастардың белгісі ретінде қабылдануына мүмкіндік береді.

8-бөлім. Хабардарлық пен оқыту

26. Училище сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерді тиісті және жеткілікті түрде хабардар етуді және оқытуды қамтамасыз етеді. Оқыту бағдарламасы, ең кемінде, мына мәселелерді қамтуға тиіс:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптары, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, декларациялау және Училище қызметкерлеріне мен лауазымды тұлғаларына қатысты өзге де мәселелер;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, рәсімдер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі, сондай-ақ оларды сақтау жөніндегі міндеттер;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және сыбайлас жемқорлықтың Училище мен қызметкерлерге келтіруі мүмкін зияны;

4) қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне байланысты пара ұсынылуы ықтимал жағдайлар және оларды қалай айқындау қажеттігі;

5) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға және оны болдырмауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың негізгі белгілерін тануға қалай көмектесе алатыны;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің тиімділігіне қызметкерлердің қосатын үлесі, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті жақсартудан және сыбайлас жемқорлыққа күдіктер туралы хабарлаудан түсетін пайда;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі талаптарын сақтамаудың қиындықтары және ықтимал салдарлары;

8) қызметкерлердің кез келген күдік туралы қалай және кімге хабарлауы тиіс екендігі;

9) көрсетілетін оқыту және қолжетімді ресурстар туралы ақпарат.

27. Училище оқыту рәсімдеріне, оқытудың мазмұнына, оны кімге және қашан өткізгеніне қатысты құжатталған ақпаратты сақтауға міндетті.

9-бөлім. Антикоррупциялық мониторинг

28. Антикоррупциялық мониторинг сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етеді және оның үнемі жетілдірілуін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оны анықтауды қамтамасыз ету үшін ерекше мәнге ие. Антикоррупциялық мониторингтің мақсаты — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану тәжірибесін бағалау.

29. Антикоррупциялық мониторингтің міндеті — Училищеде сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін проблемалық мәселелерді зерделеу.

30. Антикоррупциялық мониторинг жүргізу үшін ақпарат көздері мыналар болып табылады:

1) құқықтық статистика органдарының деректері;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша, оның ішінде жедел желі арқылы келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

3) үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың ақпараты;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша социологиялық зерттеу деректері;

5) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

6) Училищеде жүргізілген ішкі және сыртқы аудиттер мен тексерулердің нәтижелері;

7) Училищеде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдаулардың нәтижелері;

8) заңнамамен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері.

10-бөлім. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

31. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі Училище басшысының шешімі болып табылады. Мұндай шешім, оның ішінде антикоррупциялық мониторинг нәтижелері негізінде қабылданады.

32. Училище басшысының шешімі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау комплаенс-офицер немесе жұмыс тобы арқылы жүргізіледі.

33. Жұмыс тобының құрамына Училище қызметкерлері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің мамандары және (немесе) сарапшылары тартылуы мүмкін.

34. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау нысанасы ретінде Училищенің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі және оған байланысты процестер қаралады.

35. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) Училище қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындау;

2) Училищенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындау.

36. Училище қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасауға мүмкіндік беретін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталады.

37. Училищенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі мына мәселелерді қамтиды:

1) персоналды басқару, оның ішінде ротация және кадр тұрақсыздығы;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) рұқсат беру функцияларын іске асыру;

4) бақылау функцияларын іске асыру;

5) Училищенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

38. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

1) Училище қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілер;

2) мемлекеттік органдардың Училищеге немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне қатысты бұрын жүргізген тексерулерінің нәтижелері;

3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

4) Училищеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

5) прокурорлық қадағалау актілері;

6)- сот актілері;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылуына жол берілетін өзге де мәліметтер.

39. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша мынадай ақпаратты қамтитын талдамалық анықтама дайындалады:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы мәліметтер және оларды жою жөніндегі ұсынымдар;

2) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдері.

40. Талдамалық анықтама сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген тұлғалармен, талдау жүргізілген бөлімше қызметіне жауапты құрылымдық бөлімше басшысымен келісіліп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және оның нәтижелері үшін басшылық пен үйлестіру міндеттері жүктелген лауазымды тұлғаның қолымен бекітіледі.

41. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдары бар талдамалық анықтама Училище басшысына қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін енгізіледі.

11-бөлім. Персоналды басқару саласындағы шаралар

42. Училище бос лауазымдарға үміткер кандидаттарды жұмысқа қабылдағанға дейін тексеруді жүзеге асырады.

43. Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдауға жол берілмейді.

44. Барлық кандидаттар Училищеде жұмыс істейтін жақын туыстары және қайын-жұрты туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары лауазымдар мен функциялар тізбесіне енгізілген лауазымдарға үміткер кандидаттар сондай-ақ өздерінің жақын туыстары мен қайын-жұртының өзге заңды тұлғаларда құрылтайшы (немесе тең құрылтайшы) екендігі, басшылық лауазымдарды атқаруы туралы мәлімет ұсынады. Бұл ақпарат тексеру рәсімдерінің аясында талдануға тиіс және контрагенттердің/серіктестердің тәуекелдерін бағалау барысында да қолданылуы мүмкін.

45. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері кандидаттарды бос лауазымдарға тағайындау туралы шешім қабылдау кезінде пайдаланылуға тиіс. Теріс нәтиже алынған жағдайда, кандидаттарды тағайындау туралы шешім ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында дәлелді және құжатталған болуы қажет.

46. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары лауазымдар мен функциялар тізбесіне енгізілген қызметкерлерді іріктеу және ілгерілету рәсімдерінің аясында әртүрлі жағдайларда қабылданатын шешімдердің этикалық дұрыстығы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы білу және түсіну деңгейі бағаланады.

47. Мотивация тетіктері, оның ішінде жеңілдіктер, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қатысуын тіпті еріксіз де ынталандыруы мүмкін. Сондықтан Училище лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне арналған мотивациялық жүйе қызметкерлердің белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында пара беруге бейімділігін барынша азайтатын түрде құрылуы тиіс. Марапаттау тетіктерінің сыбайлас жемқорлықты ынталандырмайтынына барынша кепілдік беру үшін олардың осы аспектілеріне ерекше назар аудару қажет. Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің талаптарын бұзу арқылы өз қызметінің бағасын көтеруге бағытталған әрекеттердің жол берілмейтінін және жауаптылыққа әкелетінін білуге тиіс.

48. Училище ұйымдық құрылымын әзірлеу кезінде өкілеттіктердің бөлінуі мен өкілеттікті беру тәртібін мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында талдау

жүргізіледі. Мұндай талдау нәтижелері ұйымдық құрылымды бекіту кезінде Училище басшысына ұсынылады.

49. Училище қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары үшінші тұлғалармен еңбек қатынастары болған жағдайда және (немесе) олармен қызмет көрсету туралы шарт жасалған жағдайда (оның ішінде жеке кәсіпкерлік қызметтің тіркелуі) кадрлық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшені хабардар етуге міндетті.

50. Қызметкерлердің еңбек шарттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау жөніндегі міндеттемелер, сондай-ақ осындай міндеттемелерді бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолдану мүмкіндігі көзделуге тиіс. Басшылардың еңбек шарттарында бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық және өзге құқықбұзушылықтары үшін жауаптылық көзделеді.

51. Қазақстан Республикасының заңды күшіне енген сот актісімен оның Училищеде әрі қарай жұмыс істеуіне жол бермейтін сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы жасалған жағдайда, Училище қызметкерімен және лауазымды тұлғасымен еңбек шарты бұзылады.

52. Жұмысқа қабылданған барлық қызметкерлер Саясат талаптарымен танысуға және оны сақтау жөніндегі міндеттемеге қол қоюға тиіс.

12-бөлім. Мүдделер қақтығысы

53. Мүдделер қақтығысы - Училище қызметкерінің жеке мүдделілігі (тікелей немесе жанама), не қызметкердің туыстары мен достарының мүдделілігі оның лауазымдық міндеттерін объективті және адал орындауына ықпал етуі немесе ықпал етуі мүмкін кез келген жағдай. Мұндай жағдайлар Училищенің, үшінші тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіру қаупін тудырады. Бұл жағдайлар міндетті түрде құқыққа қайшы немесе сыбайлас жемқорлық сипатында болмауы мүмкін, дегенмен олар ықтимал құқықбұзушылықтарға әкелетін факторлар ретінде қаралуға тиіс.

54. Жеке мүдделілік деп қызметкердің өз лауазымдық міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы үшін үшінші тұлғалардан ақша, бағалы заттар, мүлік, мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтар немесе пайда алу мүмкіндігі түсініледі.

55. Мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайлар:

1) туыстардың бір бөлімшеде немесе бір-біріне бағыныстылық қатынаста жұмыс істеуі;

2) қызметкердің немесе оның туыстарының үшінші тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуы немесе басқару органдарында болуы;

3) қызметкердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы немесе Училищеден тыс өзге ақылы қызметпен айналысуы.

56. Мүдделер қақтығысын болдырмау, алдын алу және реттеу мақсатында Училище қызметкерлері:

1) мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындау ықтималдығы пайда болған жағдайда, бұл туралы белгілі болған сәттен бастап осы Саясатпен белгіленген тәртіпте хабарлауға міндетті;

2) мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін кез келген жағдайлардың алдын алу шараларын қабылдауға;

3) өз функционалдық міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысының туындау қаупін барынша азайтуға міндетті.

57. Әрбір қызметкер туындаған немесе ықтимал мүдделер қақтығысы туралы — отбасылық, қаржылық немесе өз жұмысына тікелей немесе жанама қатысы бар өзге байланыстар туралы — комплаенс-офицерге хабарлауға міндетті.

13-бөлім. Инициатива негізіндегі хабарламалар жүйесі

58. Құқықбұзушылықтар туралы бастамашылық хабарламалар жүйесі Училище қызметкерлері мен өзге тұлғаларға Училище қызметкерлері тарапынан немесе оларға қатысты жасалған немесе жоспарланып отырған құқықбұзушылықтар туралы негізді күдіктерді құпия немесе анонимді түрде жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

59. Училище қызметкерлерден сыбайлас жемқорлықтың ықтимал фактілері туралы, сондай-ақ ішкі құжаттар мен қолданыстағы заңнаманы бұзу жағдайлары туралы негізді болжамдар туралы хабарлауды талап етеді және адал ниетпен хабарлау тәжірибесін қолдайды.

60. Училище өтініш берушінің құпиялылығын және оны қудалаудан қорғауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ барлық хабарламалардың/өтініштердің/шағымдардың объективті қаралуына кепілдік береді. Училище анонимді хабарламаларды қабылдау үшін өз жедел желісін құруға немесе сыртқы жедел желі операторын тартуға мүмкіндік береді.

61. Училищенің барлық қызметкерлері бастамашылық хабарламалар рәсімдерімен танысуға, оларды пайдалану мүмкіндігіне ие болуға, сондай-ақ өз құқықтары және осы рәсімдермен ұсынылатын қорғау шаралары туралы хабардар болуға тиіс. Осы мақсатқа жету үшін бастамашылық хабарламалар жүйесі туралы ақпарат еңбекке қабылдау кезінде танысуға міндетті құжаттардың құрамына енгізілуі және жылына кемінде 1 (бір) рет барлық қызметкерлерге жеткізіліп отыруы тиіс.

14-бөлім. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын анықтау, жолын кесу және тергеу

62. Жасалған немесе жоспарланған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы туралы кез келген ақпарат мұқият тексерілуге тиіс. Училище келесі талаптарды қамтитын рәсімдерді енгізеді:

1) анықталған, негізді түрде болжанған немесе хабарланған сыбайлас жемқорлық фактілерін, Саясат талаптарының бұзылуын өкілеттіктер шегінде бағалау және қажет болған жағдайда тергеу рәсімін жүргізуді;

2) тергеу нәтижесінде сыбайлас жемқорлық фактісі және (немесе) осы Саясаттың бұзылуы расталған жағдайда тиісті шаралар қабылдауды;

3) тергеуді жүзеге асыратын тұлғаларға өкілеттіктер мен қажетті мүмкіндіктер беруді;

4) Училище қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына тергеуге қатысу және ынтымақтастық көрсету міндетін;

5) тергеу барысы мен нәтижелерінің құпиялығын қамтамасыз етуді.

63. Тергеу нәтижелері бойынша анықталған құқықбұзушылықтардың себептерін жоюға, олардың теріс ықпалын азайтуға, сондай-ақ тексерілген процестердегі ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған тиімді шаралар қабылдануға тиіс.

64. Құқықбұзушылық жасаған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданылады.

15-бөлім. Антикоррупциялық стандарттар

65. Антикоррупциялық стандарттар - Училище қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

66. Антикоррупциялық стандарттардың мақсаты - Училище қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын қалыптастыру үшін құндылықтық және моральдық бағдарлар жүйесін қалыптастыру.

16-бөлім. Қазақстан Республикасы заңнамасында Училище қызметкерлерінің жекелеген санаттары үшін көзделген шаралар

67. Қазақстан Республикасының заңнамасында Училище лауазымды тұлғалары үшін бірқатар арнайы талаптар белгіленген. Заңға сәйкес Училищеде басқарушылық функцияларды орындайтын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі шешімдер қабылдауға уәкілетті, дербес құрылымдық бөлімше басшысы деңгейінен төмен емес лауазымды тұлғалардың тізбесі, және оларды атқаратын қызметкерлердің нақты тізімі кадрлық қамтамасыз етуге жауапты бөлімшенің ұсынысы бойынша Училище басшысы тарапынан бекітіледі және ұйымдық құрылым, функционалдық міндеттер және өзге кадрлық өзгерістерге қарай жаңартылып отырады.

68. Училище лауазымды тұлғаларының антикоррупциялық шектеулерді қабылдауы осы Саясаттың 1-қосымшасына сәйкес құжат түрінде ресімделеді және тіркеледі.

69. Антикоррупциялық шектеулерді қабылдамау жұмысқа қабылдаудан бас тартуға немесе еңбек шартын бұзуға негіз болып табылады. Ал қабылданған шектеулерді сақтамау — қылмыс немесе әкімшілік құқықбұзушылық белгілері болмаған жағдайда — жұмыстан босатуға негіз болып саналады.

17-бөлім. Жауапкершілік

70. Училище лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін жауаптылықта болады.

71. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасағаны үшін тиісті жауаптылыққа тартылған лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер Училищеге келтірілген материалдық зиянды өтеуден босатылмайды.

72. Училище лауазымды тұлғалары бағынысты қызметкерлер тарапынан жасалған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан туындаған жағдайларда тәртіптік жауаптылықта болады.

Қосымша № 1

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«А. Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМКҚ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа
Антикоррупциялық шектеулер

Мен, _____,
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен таныстым, МІНДЕТТЕНЕМІН:

1. Жеке, топтық немесе өзге де қызметтік емес мүдделер үшін өкілеттіктерді пайдалануға алып келуі мүмкін функциялар мен әрекеттерге жол бермеу мақсатында аталған заңдарда белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдай отырып, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 13, 14 және 15-баптарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, келесілер бойынша міндеттемелерді орындауға:
- мемлекеттік функцияларды атқарумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыруға жол бермеуге;
- жақын туыстардың, жұбайлардың және қайын-жұрттың бір ұйымдағы бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеуге;
- ресми жариялауға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланбауға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерді орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамауға.
2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, атқаратын функцияларымды орындау кезеңінде, қызметке кіріскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде өзіме тиесілі және пайдаланылуы табыс әкелетін (ақша, облигациялар, ашық және аралық пайлық инвестициялық қорлардың пайлары, сондай-ақ меншікке жалға берілген мүліктен басқа) мүлікті сенімгерлік басқаруға беруге.
3. Мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпияларды жария етпеуге, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтауға, соның ішінде лауазымды қызметтен кеткеннен кейін заңнамамен белгіленген мерзім ішінде оларды құпия ұстауға.
4. Өзім қабылдаған шектеулерді бұзбауға.

Мен қабылдаған шектеулерді бұзу еңбек қатынастарын тоқтатуға, мемлекеттік немесе оған теңестірілген функцияларды орындауға қабылдаудан бас тартуға, не заңда көзделген тәртіппен атқарылатын функциялардан босатуға негіз болатынын түсінемін.

«_» _____ **20 ж.**

Қосымша № 2

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «А. Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен танысу парағы

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы